



АСТАНА АКШАМЫ

ТАУ ХАЛҚЫНЫң МӘДЕНИЕТІ ТӨРЛЕДІ



Отken сенбі күні Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Ингушетия Республикасының Қазақстандағы мәдени құндері аясында Ингушетияның өнер жұлдыздарының концерті өтті.

ӘРІПТЕСТІК ОДАН ӘРІ ТЕРЕҢДЕЙДІ

Елордадан бастау алған Ресей Федерациясы құрамындағы елдің мемлекетіміздегі мәдениетінің салтанаты әрі қарай Көкшетау, Щучинск, Қарағанды, Павлодар қалаларында бір апта бойы жалғасады. Оның шенберінде тау халқының өнері әр қырынан көрінбек. Соның бір парасын Астанада откен концерт барысында тамашаладық. Қазақстан мен Ресей арасында бұрыннан орнаған әріптестікті одан әрі терендешту мақсатында ұйымдастырылған Ингушетия Республикасының Қазақстандағы мәдени құндері кезінде әртүрлі мәдени шаралардың өтуімен қатар, ингуш диаспорасы көп шоғырланған Астана және Қарағанды қалаларында қос ел өкілдерінің өзара кездесуін өткізу жоспарланған. Бұл құндері мемлекетімізде ингуш диаспорасына жататын 17 мыңдан астам адам тұратынын айта кетейік.

Ингушетия Республикасының тұнғыш Президенті, Кенес одағының батыры, ТМД елдері Укіметі кеңесі жаңындағы Жауынгер-интернационалистер істері жөніндегі комитет төрағасы Руслан Аушев Қазақстанның Көкше өңірінің тұмасы екенін, Астанада алты жылдан бері шешен-ингуш халқы әулие тұтатын дін қайраткері Шейх Құнта қажы атындағы мешіт жұмыс істеп тұрғанын да естеріңізге салайық.

Елордадағы ингуш диаспорасы жиналған концерт алдында Бейбітшілік және келісім сарайының дәлізінде «Ингушетия: тарих және қазіргі құндер» атты кітап көрмесі, Ингушетияның туристік әлеуетін танытатын экспозиция үйымдастырылды. Ингушетияның қылқалам шеберлерінің суреттері қойылды. Ал концерттің өзі «Ингушетия мәдениеті» деректі фильмімен ашылып, «Ингушетия» мемлекеттік ұлттық би ансамблі бидің көркін қызыдырды.

ИНГУШТАРДЫҢ ҮНТЫМАҒЫ МЫҒЫМ

Ресми бөлімде елорданың Есіл ауданының әкімі Сәбила Мұстафина қала басшысы Әсет Исекешевтің сәлемін жеткізді.

– Біз мәдениет пен спорт салаларында ғана емес, экономика сияқты өзге де салаларда ынтымактастықтың орнағанын қуана-қуана құттаймыз. Тіпті, оның негізі бұрыннан қаланған. Жалпы, Қазақстанда ингуш диаспорасы тату-тәтті тұрып жатыр. Әсіресе, Астанадағы бұл ұлт өкілдерінің ынтымағы мығым. Ингуштер – өте еңбеккор, жайдары халық. Елордада басшылық қызмет атқара келе, бұған көзім әбден жетті. Астана қаласының басшылығы мен халқының атынан қош келдініздер деймін, – деді Сәбила Сапарқызы.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің қонақтарға арналған ізгі лебізі оқылған соң ингуш делегациясын Қазақстанға бастап келген Ингушетия Республикасының Мәдениет министрі Марат Газдиева сөз алды.

– Қазақстанда туыс-туғандарымыз көп тұрады. Оның себебі, 1944 жылы ингуш халқы қазақ жеріне жер аударылды. Ал Астана – жүрегіме өте жақын қала. Көзі тірісінде әкем бұл қалаға жиі келетін. Соңда үнемі жаңа әсерлермен оралатын. Қыын жылдары қазақтар ингуштарды жылы қабақпен қарсы алып, барымен бөлісті. Соның арқасында Қазақстандағы ингуштар аман қалып, салт-дәстүрін ұмытпай, осы жерде үрпақ өрбітті. Қазір де берекелі ғұмыр кешіп отыр – деді ол.

ҚАЗАҚТАРҒА АЛҒЫСЫН ЖЕТКІЗЕДІ

Астанадағы «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының төрағасы Салман Героев сонау жылдары тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне келген ингуш халқы және олардың үрпақтары қазірде Қазақстанмен біте қайнасып, оның ажырамас бөлшегіне айналғанын жеткізді.

– Сарыарқаның салқар даласының ұлдары мен қыздары, қын жылдары ингуштарды өз жерінде қарсы алып, бізге баспана бергендеріңіз үшін, төзімділік танытқандарының үшін көп рақмет айтамын. Қазақ халқының осы жомарттығы мен мейірімділігін біз де, үрпақтарымыз да ешқашан ұмытпаймыз. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал, салиқалы саясатының арқасында осы елде біздің құқығымыз тен. Біз

Қазақстанның патриоты болып қала береміз және бұл елдің гүлденуіне өз үлесімізді қоса береміз, – деген Салман Героев Ингушетия Республикасының Мәдениет министрі Марет Газдиеваны «Астанадағы «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының құрылғанына 25 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

СЫЙГА-СЫЙ

«Семей-Невада» халықаралық антиядролық қозғалысының вице-президенті Сұлтан Қартоев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық карусыз әлем құрудагы орасан еңбегін, Қазақстан Президентінің бұл бастамасын бүкіл әлем қолдан келе жатқанын атап өтті. Семей полигонын жабудағы Елбасының ерен еңбегі жан-жақты талданған «Казахстан. Архитектура безъядерного мира» кітабын ингуш делегациясына тарту етті.

«Семей-Невада» халықаралық антиядролық қозғалысына 25 жыл» медалін Ингушетия Республикасының Президенті Юнус-Бек Евқуровқа табыстау үшін сол елдің Мәдениет министрінің қолына тапсырды. Сондай-ақ, «Ұлттық ядролық орталығына 20 жыл» медалімен ҚР ҰФА академигі Сұлтан Оздоев пен Салман Героевты марапаттады.

ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев Ингушетия Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталып, бұл марапат олар жіберген өкілдердің қолына табысталды. Бұл марапатқа Салман Героев та лайық болып танылды. Сонымен қатар, ол басқаратын Астанадағы «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы мен осы ұлттан шыққан бірқатар қәсіпкерлер Ингушетия билігінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Қазақстандағы Ингушетия Республикасының мәдени құндері әлі бір аптаға жалғасып, 9 қыркүйек күні түйінделеді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ